

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1143 тіркелген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының "Кәсіптік бастауыш және орта оқу орындары оқушыларының ауысуы, оқуын қалпына келтіру тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" 2000 жылғы 25 сәуірдегі 391 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 827 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 30 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2655. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 13 қаңтардағы N 13 (V053426) бұйрығымен.

Оқушылардың құқықтары мен мүмкіндіктерін одан әрі кеңейту мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде (2000 жылғы 5 мамырда N 1143 болып тіркелген) "Кәсіптік бастауыш және орта оқу орындары оқушыларының ауысуы, оқуын қалпына келтіру тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 391 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

бұйрықпен бекітілген Кәсіптік бастауыш және орта оқу орындары оқушыларының ауысу, оқуын қалпына келтіру тәртібі туралы ережесінде: мынадай мазмұндағы 3-1 тармақшамен толықтырылсын:

"3-1. Бұрын басқа оқу орындарында оқығандарды ауыстыру және оқуын қалпына келтіру:

курстар мен мамандықтар бойынша оқытудың тиісті оқу топтары болған жағдайда;

қабылдаушы оқу орны оқу жұмыс жоспарының оқу пәндері тізбесімен оқушының академиялық анықтамасында немесе сынақ кітапшасында (үлгерім кітапшасында) көрсетілген оқу пәндерінің тізбесіндегі айырмашылық төрт пәннен кем болмаса жіберіледі";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Басқа кәсіптік бастауыш немесе орта білім беретін оқу орнына ауысқысы келген оқушылар өзі білім алып жатқан ұйым басшысының атына ауысуы туралы өтініш береді және мөрмен бекітілген жазбаша келісім алғаннан кейін, өзі ауысқысы келген білім беру ұйымының басшысына барады.

Қабылдайтын білім беру ұйымы басшысының атына жазылған өтінішке қоса, оқушының білім беру ұйымының басшысының қолымен расталған сынақ кітапшасының (үлгерім кітапша) көшірмесі қоса беріледі.

Ауысу туралы мәселе оң шешімін тапқан жағдайда оқушыны қабылдайтын білім беру ұйымының басшысы оны оқу сабақтарына жіберу және оқу жоспарындағы айырмашылықтарды тапсыру туралы бұйрық шығарады және оқушының бұрын оқыған білім беру ұйымына оның жеке ісін жіберу туралы ж а з б а ш а с ұ р а у с а л а д ы " ;

7-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"7. Оқушының жеке ісін уақытында жіберу мен алуға бақылау оқу орнындағы оқу бөлімінің бастығына жүктеледі";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Оқушылардың қатарына бұрын оқу орындарынан шығарылған тұлғаларды қалпына келтіру, егер оқудан шығарылған сәттен бастап он жыл өтпеген болса, оқудың барлық нысандарында жүргізіледі";

10-тармақтағы екінші абзац алынып тасталсын;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Ауысу және оқуын қайта қалпына келтіру кезінде оқу орнының басшысы келесі сессияның басталуына дейін академиялық қарызды жоюдың уақыты мен ретін немесе оқу жоспары мен бағдарламасының айырмашылығын белгілейді. Академиялық айырмашылықты тапсыру ақылы түрде жүргізіледі";

мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

"16. Аталған ережеде қарастырылмаған мәселелерді шешу білім беру ұйымының құзырына жатады".

2. Жалпы орта, кәсіптік бастауыш және орта білім департаменті (С.Б. Есбосынова) осы бұйырықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К. Шәмшидиноваға жүктелсін.

*М и н и с т р д і ң м і н д е т і н*

*атқарушы*